

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Филология факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№5 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

26.01.2024 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы:

1. Қазыханқызы Лазура – PhD, аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

2. Д.Мутанова – PhD, аға оқытушы;

3. А.Даулетова. – ф.ғ.к., аға оқытушы;

4. Ы.Нұрмағанбетова – аға оқытушы;

5. Р.Бердалиева – ф.ғ.к., аға оқытушы;

6. Г.Макенова – оқытушы;

7. Д.Саржанова – докторант;

8. Ф.Маккамбаева – магистрант, 7М01708 – Шетел тілі: екі шетел тілі, МАШ-211 тобы

9. Ж.Жұмабекова – студент, 6В01719 – Шетел тілі: екі шетел тілі: (ағылшын және түрік тілдері), ФАТ-012 (F) тобы

10. С.Пернебай – әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Шақырылғандар:

11. Л.Ибрагимова -Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы

12. А.Өзтүрк -Филология факультетінің деканы

13. Ж.Суинжанова -Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

Комиссия хатшысы:

14. А.Қонысова - оқытушы

Қатыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуін, аттестаттау нәтижелерінің талдануын қадағалау.
2. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.
3. ББ білімгерлерінің, оқытушы- профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг жүргізу.
4. Қаңтар айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

Тыңдалды:

1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы Қазыханқызы Лазура сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ББ білімгерлерін аралық аттестаттаудың бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуін және нәтижелерінің талдануы туралы сөз қозғады.

2023-2024 оқу жылына белгіленген академиялық күнтізбеге сәйкес қысқы аралық аттестаттау 19.12.2023-12.01.2024жж. күндері аралығында өткізілді. Емтихандарды қабылдау формалары факультет кеңестерінің шешімдері негізінде Академиялық комитетте бекітілді. Емтихан кестелері дайындалып ауу.edu.kz платформасына және сайтта жарияланды. Тест, жазбаша, шығармашылық, эссе және жоба қорғау


емтихандарын қабылдау регламенттері жасалды және білім алушылардың назарына жеткізілді.

6B02267 Түркітану, 6B02333 – Шетел филологиясы: түрік тілі, 7M02212-Түркітану білім беру бағдарламалары бойынша білім беретін кафедра жауаптысы Ы.Нұрмағанбетова білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сай жүргізілгенін және кафедра тарапынан талқыланғанын мәлімдеді. Аталмыш БББ-лары бойынша 88 білімгер 2 тест және 27 жазбаша түріндегі білім беру бағдарламасы пән емтихандарына кірді. ОПК-дан пән бойынша үлгерім нәтижелері алынып сарапқа салынғандығы мәлімденді. Төменде көрсетілген кесте мен графиктер аталмыш білім беру бағдарламалары бойынша нәтижелерді ұсынды.

БББ	курс	Студент саны	Пән саны	Емтихан түрі	Үлгерім нәтижелері
6B02333 – Шетел филологиясы: түрік тілі	1	5	3	1 тест 2 жазбаша	75
6B02267 Түркітану	1	18	3	1 тест 2 жазбаша	72
6B02267 Түркітану	2	37	5	5 жазбаша	80
6B02333 – Шетел филологиясы: түрік тілі	2	11	3	3 жазбаша	84
6B02333 – Шетел филологиясы: түрік тілі	3	4	6	6 жазбаша	78
6B02333 – Шетел филологиясы: түрік тілі	4	11	8	8 жазбаша	75
7M02212-Түркітану	2	2	3	3 жазбаша	87


**2023-2024 оқу жылында қысқы аралық аттестаттау нәтижелердің бөлінісі
АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАНЫҢ шарттарымен
ФИЛОЛОГИЯ факультеті салыстыру**

Білім алушылардың алған бағалар саны	A, A-	B+, B, B-, C+	C, C-	D+, D	FX, F
	Емтихан	Емтихан	Емтихан	Емтихан	Емтихан
10772	4947	3697	861	653	614
	45,9	34,3	8	6,1	5,7
Бағалау медианасы	10	25	30	25	10



**2023-2024 оқу жылында қысқы аралық аттестаттау нәтижелердің бөлінісі
АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАНЫҢ шарттарымен
ФИЛОЛОГИЯ факультеті салыстыру**

Білім алушылардың алған бағалар саны	A, A-	B+, B, B-, C+	C, C-	D+, D	F
	10772	4204	5360	664	156
	39	49,8	6,2	1,4	3,6
Бағалау медианасы	10	25	30	25	10



Келесі кезекті 6В017 Орыс тілі мен әдебиеті, 6В01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептерде орыс тілі мен әдебиеті, 7М01738- Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сай жүргізілгендігі айтылды. Аттестаттау нәтижелері кафедрада талданды. Аталмыш БББ-лары бойынша білімгер 1 тест және 25 жазбаша түріндегі **мамандық пәндері** бойынша емтиханға кірді. ОПК-дан пән бойынша үлгерім нәтижелері алынып сарапқа салынды.

БББ	курс	Студент саны	Пән саны	Емтихан түрі	Үлгерім нәтижелері
6В01717 – орыс тілі мен әдебиеті	1	39	2	2 жазбаша	77
6В01764-орыс тілінде оқытпайтын мектептерде орыс тілі мен әдебиеті	1	29	2	2 жазбаша	74
6В01717 – орыс тілі мен әдебиеті	2	19	5	5 жазбаша	85
6В01764-орыс тілінде оқытпайтын мектептерде орыс тілі мен әдебиеті	2	24	4	3 жазбаша	87
6В01717 – орыс тілі мен әдебиеті	3	29	6	1 тест 6 жазбаша	82
6В01764-орыс тілінде оқытпайтын мектептерде орыс тілі мен әдебиеті	3	28	7	1 тест 8 жазбаша	84
6В01717 – орыс тілі мен әдебиеті	4	31	5	5 жазбаша	84
6В01764-орыс тілінде оқытпайтын мектептерде орыс тілі мен әдебиеті	4	12	5	5 жазбаша	85
7М01738 – орыс тілі мен әдебиеті	2	3	3	жазбаша	90

Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Суинжанова қорытынды сөз алып, факультет бойынша әрбір кафедраға және БББ-ға қатысты білім алушыларының үлгерімі жайлы нәтижелерге тоқталып өтті. Аралық аттестаттаудың нәтижесін талдау барысында кей білім алушылар өте алмай қалғандардың мәселесін шешуді ұсынды. Шешім дауысқа салынды. Шешім бірауыздан қабылданды.

Шешім: ББ білімгерлерінің аралық аттестаттау нәтижесі қанағатанарлық деп табылсын.

Комиссия төрайымы екінші мәселе бойынша ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру жайлы сөз қозғады.


Ішкі сапа комиссиясының мүшесі, Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының жауаптысы Д.Мутанова факультетке қарасты білім беру бағдарламаларының оқыту нәтижелеріне білім алушылардың қол жеткізуіне қатысты Google формада сауалнама әзірленуде және Наурыз айында жүргізілетінін мәлімдеді. Сауалнамалар білім алушылардан алынып, білім алушылар тарапынан жасалған ұсыныстар болса алдағы уақытта ескерілсін деген пікір білдірілді.

Шешім: ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру қадағалансын.

3. Үшінші мәселе бойынша ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг жүргізу жайлы сөз қозғалды. Адалдық қағидаттарын бұзу фактілері бойынша факультетімізде қазіргі таңға дейін орын алмағандығы расталып, алдағы уақытта орын алған жағдайда шаралардың күшейтілгелі отырғаны айтылды. Білім алушылары мен оқытушы профессор құрамы академиялық адалдық қағидаларымен түгел танысты.

Шешім: Академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілерінің орын алмауы қадағалансын.

Мәжіліс төрайымы:  Қазыханқызы Л.

Мәжіліс хатшысы:  Қонысова А.